



«Балдырған » тобы

**2025 -2026 оқу жылына арналған
Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету
«ОЙНА DA ДАМЫТ!» бағдарламаның
тақырыпты –күнтізбелік жоспары**

Мақсатты топ: кіші топ

Барлығы 27 сабақ; аптасына 1-рет 15 минуттан.

Айы	Күні	Ұйымдастырылған оқу қызметі №	Тақырыб
қазан		1	«Жайқалған гүлдер»
		2	«Ойыншықтар»
		3	«Көліктер»
		4	«Мен және менің дене құрылысым»
қараша		5	«Киім және аяқ киім»
		6	«Біз қалай тамақтанамыз?»
		7	«Ыдыс – аяқ және жиһаз»
		8	«Қыс қызығы»
желтоқсан		9	«Менің Отаным – Қазақстан!»
		10	«Менің Отбасым»
		11	«Қош келдің – Жаңа жыл!»
		12	«Табиғат»
қаңтар		13	«Үй жануарлары»
		14	« Хайуанаттар әлемі»
		15	«Жан – жануарлар»
		16	«Күм сиқыры»
ақпан		17	«Балықтар»
		18	«Отбасы»
		19	«Көктем»
		20	«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!»
наурыз		21	«Мамандық түрлері»
		22	«Көшеде мен келемін»
		23	«Жер шары және көк аспан»
		24	«Көп гүлдер»
сәуір		25	«Достық мейрамы»
		26	«Әскери қызмет – абыройлы қызмет!»
		27	«Сыпайылық әліпбиі»

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№1 «Жайқалған гүлдер»**

«2» қапан 2025ж.

Мақсаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ұсақ моторикалық және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: *Маханбетиярова М.М.*

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Корнекі құралдар және уақыт	
1	«Қане танысайық, бұл «Мен» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: балаларды өзі жайлы баяндауға баулу. Нұсқаулық: Психолог балаларға: - Балалар, қане танысайық! Бізге танысуға көңілділобымыз көмектессін. Допты қағып алған бала өзін таныстырсын және немен айналысқанды ұнататынын айтып шықсын. Балалар шеңбер бойымен айнала орындықтарда отырады. Психолог допты қолына алып, өзін қалай таныстыру керектігін көрсетіп, допты кез келген баланың өолына лақтырады. Тосып алған бала өзін таныстырып, немен айналысқанды немесе не ұнататынын айтуы керек.	Балалар өздерін таныстыра, нені ұнататынын айтып шығады.	Доп 3 мин.	
2	«Гүл» - саусақ гимнастикасы Мақсаты: ұсақ моторика және сөйлеу қызметін дамыту. Ерте танның атысы – жабық тұрар қауызы <i>(Екі алақанды түбе жабық гүл қауызын бейнелейміз)</i> Күн ортасына ауганда – жайқалады тамаша. <i>(саусақтарымызбен жайқала анылған гүл бейнесін жасаймыз)</i> Кеш батысы қайтадан – қауызы қайта жабылған, <i>(саусақтарымыз бастапқы қалыңқа қайта оралады)</i> Күн шыққанша ендігі – тәтті түстер көреді... <i>(екі алақанымызды беттестіре, оң бетімізге қойып, ұйқтап жатқан бейнені жасаймыз)</i>	Психологпен бірге көрсетілген қимыл – әрекеттерді қайталайды.	3 мин.	
3	«Жайқалған гүл» - жаттығуы Мақсаты: моториканы, түстерді қабылдау және ұстап сезіну қабілетін дамыту. Нұсқаулық: Психолог: «Балалар бүгін біз алдымызда тұрған гүлдің жайқалып, құлтыра өсуіне көмектесеміз. Ол үшін жұмсақ қағаз (майлық) мамық ұлпалар дайындап, суреттегі гүлдің үстінен жапсырып шығамыз. Жарайсындар! Жаксы жұмыс! Гүліміз жайнап, үлпілдеп шыға келді!		Майлық қағаздарын майда бөлшектерге жыртып, орап, оларды гүл бетіне жапсырып шығады.	Бланк, түрлі түсті майлықтар, желім 7 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап берелі. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: _____

М.М.

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№2 «Ойыншықтар»**

«9» қаңар 2025 ж.

Мақсаты: өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру, көру қабілетін профилактикалау, ұсақ моториканы, сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, сөздік қорларын дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: *Маханбетиярова М.М.*

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	«Шаттық шеңбердегі – көңілді доп» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу және оң эмоционалдық фон құру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойымен, бір – бірлерінің қолдарынан ұстап, күлімдеп тұрады. Допты алған бала – өзін таныстырады да, допты келесі ойыншыға жалғайды. Ойын осылай жалғасып, балалар өздерін таныстырып шығады.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, допты бір – бірлеріне беру арқылы өздерін таныстырып шығады.	Доп 3 мин.	
2	«Есіктің арғы жағында тұрған кім?» - ойыны. Мақсаты: көру қабілетінің дамуына ықпал ету. Нұсқаулық: психолог А4 қағаздың ортасынан диаметрі – 1 см тесік жасайды. Балаларға осы тесік арқылы қарап, көрген басқа балалардың аттарын табу ұсынады.	Балалар кезекпен жаттығуды орындайды.	А4 қағаз 2 мин.	
3	«Ойыншықтар» - саусақ гимнастикасы. Мақсаты: өздері қоршаған ойыншықтары түсінігін кеңейту, саусақ моторикасын дамыту. Іші толы бөлменің, Ойыншығым мол менің, Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой, дос, ойнайық. Ойыншықтар тізіліп, Бұрышта әне күтеді (саусақтарын бүге санайды...) Ала доп, қызыл доп, Қуыршақ, құлыншақ Мәшине бар тағы да, қане бәрін санасак Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу... Соныменен болды нешеу? Жарайсыңдар! (санай отырып, бүткен саусақтарын қайта ашып шығады. Соңынан шапалақ соғып, жұдырықтарымен үстел үстінен барабанша соғады.)	Санай отырып саусақ жаттығуын жасайды.	3 мин.	
4	«Көңілді бақа» жаттығуы Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. Нұсқаулық: Балалар бізге көл бақасы қонаққа келіпті... Қане бізде оның көңілін көтерейік! Ол үшін түрлі – түсті қағаздан (жұмсақ майлық) бөліктер жұлып алып, көңілді бақа үстіне керемет киім үлгісін желімдеп шығу керек.		Балалар түрлі-түсті жұмсақ қағаздан, бөліктер жұлып алып, бақа үлгісіне жапсырып шығады.	Бланк, жұмсақ майлық, қалам және желім 8 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: *ММ*

Арнайы түзету – дамыту қызметі
№3 «Көліктер»

«16» қағаз 2025 ж.

Мақсаты: танымдық және эмоционалды жеке аймақты дамыту және түзету

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балаларының әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	«Шаттық шеңбер – лүпілі» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу және оң эмоционалдық фон құру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойымен тұрады. Балалар жүрекше ойыншықты алып, күлімсірей, бар мейірімін көрсете, бір – біріне сыйлап шығады.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, жүрекше ойыншықты бір – бірлеріне беру арқылы мейірімділік танытады.	Жұмсақ жүрекше ойыншық 3 мин.	
2	«Шалтай – Балтай» - психогимнастика Мақсаты: қол, арқа және кеуде бұлшық – еттерін босату. Қанекей балалар, кішігірім қойылымға қатысайық. Қойылымымыз «Шалтай – Балтай» деп аталады. Шалтай – Балтай отырған еді биік қорған үстінде, Шалтай – Балтай ұйқтап жатып құлап кетті түсінде... <i>Алдымен денемізді бос ұстап оңға – солға бұрамыз, құршақ ойыншық секілді қолымызды бос ұстаймыз. «Құлап кетті түсінде» деген сөз айтылғанда – денемізді бірден төмен еңкейтеміз.</i>	Психогимнастика жасайды	3 мин.	
3	«Автомобиль жарасы» - саусақ ойыны <i>(әр саусақтарымен кезектесе машина ойыншығын жүргізе ойнайды)</i> Бір, екі, үш, төрт, бес, Жарыстыра қане тез. <i>(саусақтарымызды бұге санаймыз)</i> Машиналар қозғалды, Алға - артқа жол салды... <i>(басбармақтан бастай қозғалтамыз)</i> Гаражға кіріп кешкісін, Басты әрен екпінін. <i>(барлық саусақтарымызбен ойнап болғасын бірден домалақ пішін жасаймыз)</i> Моторыда өшіпті, Фарларыда сөніпті. <i>(сол қараңғы домалақ пішін ішіне кішкене тесігінен үңіле қараймыз)</i>	Саусақ жаттығуын жасайды	Кішкентай машина ойыншықтар 3 мин.	
4	«Сыйлық ораймыз» - ойыны Психолог балаларға: -Тимур достарына қонаққа баруға жиналып жатыр және ол барлық достарыңа түрлі-түсті машина ойыншықтарын сыйламақ. Қане біз сол ойыншықтарды сыйлыққа орауға көмектесейік. Қай машинаны, қай қорапқа саламыз?		Машина ойыншықтарын салуға арналған қораптарды бағт түсіне қарай таңдайды	Суреті бар дидактикалық карточка 5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: 

Арнайы түзету – дамыту қызметі
№4 «Мен және менің дене құрылысым»

«13» сәуір 2025 ж.

Мақсаты: танымдық және эмоционалды жеке аймақты дамыту және түзету, ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрсеткіс құралдар және уақыт	
1	«Шаттық шеңбер қонжығы» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу және оң эмоционалдық фон құру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойымен тұрады. Балалар қонжық ойыншықты алып, күлімсірей, бар мейірімін көрсете, бір – біріне сыйлап шығады.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, қонжық ойыншықты бір – бірлеріне беру арқылы мейірімділік танытады.	Жұмсақ қонжық ойыншығы 3 мин.	
2	«Саусақ атауы» - саусақ гимнастикасы Оң қолымда бес саусақ, <i>(саусақтарын атап, оң қолын көрсетеді)</i> Сол қолымда бес саусақ, <i>(саусақтарын атап, сол қолын көрсетеді)</i> Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, <i>(бас бармақтан сол қолымен ұстай)</i> Балан үйрек, <i>(сұқ саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Ортан терек, <i>(ортаңғы саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Шылдыр шүмек, <i>(аты жоқ саусақтан сол қолымен ұстай)</i> Кішкене бөбек, <i>(шылдақтан сол қолымен ұстай)</i>	Саусақ гимнастикасын орындайды.	5 мин.	
3	«Өзінді тану» - танымдық ойыны. Мақсаты: дене құрылысын білуді, дене мүшелерінің өз атауы бар екенін білу, айтып ажыратуға үйрету. Психолог: - Балалар суретке қарап, Арман мен Аружан көрсетіп тұрған дене құрылыстарын атап шығайық!		Дене құрылыстарын атап шығып, өздерінің үстінен көрсетеді.	Сурет бар индустриалық картонға 5 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: _____



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№5 «Киім және аяқ киім»**

«6» қараша 2026 ж.

Мақсаты: танымдық және эмоционалды жеке аймақты дамыту және түзету, ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрінекі құралдар және уақыт
1	«Шаттық шеңбер – сиқырлы қаламы» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу және оң эмоционалдық фон құру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойымен тұрады. Балалар арнайы қаламды қолына алып, күлімсірей, бар мейірімін көрсете, келесі адамға сыйлайды. Сыйлай отырып, сол қаламмен жазғысы келген ізгі сөздерін айтады.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, қалам сыйлай отырып, сол қаламмен жазғысы келген ізгі сөздерін айтады	Дидактикалық ойыншық – қалам. 3 мин.
2	«Бәтенке» - саусақ жаттығуы Бәтенкемді киіп ап, жүгіремін далада <i>(сұқ саусақ және ортаңғы саусақпен үстел үстінде «адымдап» жүзіміз)</i> Баспалдақпен абайлап, шықтық міне далаға <i>(кезек – кезек бүге баспалдақтан түскен қымалды бейнелейміз)</i> Көше бойын жағалап, қыдырамыз шаршамай <i>(ол саусақты жасыбырлап, үстел үстінен соғамыз)</i> Демаламыз кешкісін, тәтті ұйқыға батып-ай! <i>(Алақанымызды бетімізге жауып, тыныш үстел үстіне қымыз)</i>	Қайталай отырып, саусақ жаттығуын жасайды	3 мин.
3	«Киім жамауын дұрыс тап» - ойыны. Мақсаты: геометриялық фигуралармен таныстыра отырып, бала зейінін, визуалды қабылдау, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Психолог: - Балалар, тігінші Тышқан апатай, балаларының киімдерін жамап жатыр екен. Қане, біз түсі мен пішіндеріне қарай отырып, дұрыс жамаулар тандауға көмектесейік! Жарайсыңдар! Психолог: - Марғау үйдегі аяқ киімдермен ойнап, бірлығын араластырып тастапты. Қане, реттеуге тез көмектесейік	 Нақты қажетті жамау түрлерін тандап, түсі мен формасын атайды. Аяқ киім жұптарын табады	«Киім жамауын дұрыс тап» және «жұптарын тап» дидактикалық карточкалары 10 мин.
4	«Көбелек» - көзге арналған жаттығуы. Ұйықтап жатты гүл – көктем, <i>(Көздерімізді жұзамыз, ақырын саусақтарымызбен, сағат тіліне қарай қарнығымызды басып ұқпайыз)</i> Оянып кетіп кенеттен... <i>(Көздерімізді ашып – жұзамыз)</i> Қайта ұйқы келмеді, Қолын сермен, керілді <i>(Колдарымызды соға керілеміз)</i> Жан – жағына қарайлап, Қанат қакты көкке енді. <i>(басымызды қозғалтпай көз қараңғымен қарайлап, қолдарымызды сермейміз)</i>	Көз жаттығуын орындайды.	3 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады	2 мин.

Тексерілді:

Арнайы түзету – дамыту қызметі
№6 «Біз қалай тамактанамыз?»

«13» Қараша 2025 ж.

Мақсаты: танымдық және эмоционалды жеке аймақты дамыту және түзету, жеуге жарамды өнімдер мен жеуге болмайтын өсімдіктер туралы және жемістер мен көкөніс атаулары бойынша балалардың білімін бекіту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Шаттық шеңбердегі сиқырлы тас» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу және оң эмоционалдық фон құру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойымен тұрады. Балалар арнайы сиқырлы тасты қолына алып, күлімсірей, бар мейірімін көрсете, сиқырға толы жақсы сөздер айта отырып, келесі адамға сыйлайды.	Балалар арнайы сиқырлы тасты қолына алып, сиқырға толы жақсы сөздер айта отырып, келесі адамға сыйлайды.	Дидеиктивтік ойыншық – тас. 3 мин.
2	«Апельсин» - саусақ жаттығуы. Мақсаты: саусақ қозғалысының белсенділігін дамыту. Апельсинді бөлістік, тең бөлуге келістік <i>(екі қолмен ойша апельсин ұстаймыз)</i> Бар болғаны бір дана, біздер көппіз қаншама <i>(бір саусақ, содан кейін он саусақ көрсетеміз)</i> Бір бөлігі – кірпіге, бір бөлігін алсын үйректе, Бір бөлігі – марғауға, тағы бірі құндызға, Қабығы қалды – ау қасқырға... <i>(саусақтарымызды бүге санаймыз)</i> Қасқырға қабығы жақсын ба? <i>(Қабығын лақтырғандай түр жасаймыз)</i> Ашу басты қасқырды... ызаланып, бас ұрды... <i>(Қорыққын түр жасаймыз... екі жүздіқтың басын ұра ашуланамыз)</i>	Саусақ жаттығуын жасайды.	3 мин.
3	«Жеуге жарамды және жарамсыз ас» - дидактикалық ойын. Ойын шарты: балабақшаға кәрзенкесі толы қуыршақ қонаққа келеді. Балаларға көптеген тәттілер алып келгенін айтады, әркімге өздеріне бір – бір тәттіден таңдап алуларын ұсынады. Бала кәрзенкеге қолын салып, бір суретті алып шығады, басқа балаларға көрсетіп, атауын айтады (алма). Психолог: «Жеуге жарамды ма?» - деп сұрайды. Егер жарамды жеміс болса – тәрелкеге салады, ал жарамсыз болса қайта кәрзенкеге салады.	 Жеуге жарамды және жарамсыз өнімдерді анықтайды	Қуыршақ, кәрзенке, тәрелке, әр түрлі заттар және жемістер мен көкөністер суреті бар картоншалар 8 мин.
4	«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы Көзім жақсы көрсін деп, көз жаттығуын бастаймын: Көз айналдыру. Бастарыңды қозғалтпастан көздеріңді алдымен сағат тілімен, сонан соң кері бағытта он реттен айналдырыңдар. Енді осы жаттығуды жұмулы көздеріңмен қайталап шығыңдар. Төрт бағытқа қарау. Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар. Жыпылықтату. Көздеріңді қатты әрі тез-тез ашып-жұмыңдар. Бұл жаттығуды тез және көбірек істеген пайдалы.	Көз жаттығуларын жасайды	2 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: М.М.

Ариайы түзету – дамыту кызметі
№7 «Ыдыс – аяқ және жиһаз»

«20» карама 2015 ж.

Максаты: : танымдық және эмоционалды жеке аймақты дамыту және түзету, ұсақ моторика, бала зейінін, сөйлеу мәнерін дамыту және қоршаған ортамен таныстыру.

Максатты топ : кінші топ

Педагог-психолог: Маханбетнирова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрсеткіш құралдар және уақыт	
1	«Күлімде балақай» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу. Нұсқаулық: а) балалар орындықтарда отырады. Психолог шеңбер бойымен жанында отырған көршісіне қарап күлімдеулерін сұрайды. б) Өзің ойлап тапқан сыйлықты ал да, көршіне сыйла. Балалар сыйлық бергендей имитация жасайды.	Ойнайды, көршісіне қарап күлімдейді және сыйлық сыйлағандай имитация жасайды.	3 мин.	
2	«Үй және жиһаз» - саусақ гимнастикасы Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу қызметін дамыту. Бір, екі, үш, төрт... біздің үйде жиһаз көп. <i>(саусақтарымызды бүге санаймыз)</i> Шкафқа біз – киімдерді ілеміз, ыдыстарды - серелерге тіземіз. <i>(ілеміз секілді саусақтарымызды иеміз)</i> Аяқтарымыз демалсын деп кішкене, отырамыз орындықтың үстінде. <i>(ашық тұрған алақанға түйілген жұдырықты тақап, орындық бейнесін жасаймыз)</i> Үйісқағанда түнде біз... кереуетте жатамыз. <i>(екі алақанды біріктіре, бір бетімізге қоямыз)</i> Үстел үстінде тәнертең, шәй ішеміз тосаппен. <i>(саусақтарымызбен шынайылап ұстағандай имитация жасаймыз)</i> Үйімізге сән берген, жиһазымыз көп кеткен. <i>(Шатақ сөгіп, жұдырықтарымызбен үстел үстінде сәлеміз)</i>	Кірсеткен қимылдарды қайталай отырып, саусақ жаттығуларын орындайды.	3 мин.	
3	«Айырмашалықтарын тап» - жаттығуы. Мақсаты: бала зейінін, визуалды қабылдау қабілетін дамыту. Суретке қарап, айырмашылығы бар заттарды көрсету керек.		Суретке қарай отырып, айырмашылықтарын табады.	Бланк 10 мин.
4	«Жанбыр» Жау – жау жанбыр, жау жанбыр, <i>(басты қозғалтпай жоғары-төмен, жоғары – төмен қарайды)</i> Суға толсын жылғалар <i>(басты қозғалтпай оңға-солға, оңға-солға қарайды)</i> Жау – жау жанбыр, жау жанбыр, <i>(басты қозғалтпай жоғары-төмен, жоғары – төмен қарайды)</i> Жасыл желек жайқалар <i>(басты қозғалтпай көз қаршығын айналдыра қозғалтамыз)</i>	Көрсеткендей қайталап, көз жаттығуын жасайды.	2 мин.	
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: _____



Арнайы түзету – дамыту қызметі
№8 «Қыс қызығы»

«27» қараша 2025 ж.

Мақсаты: өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру, ұсақ моторика, бала зейінін, сөйлеу мәнерін дамыту және қоршаған ортамен таныстыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	«Шаттық шеңбері» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойы айнала тұрады, бір – бірінің қолдарынан ұстай, бір – бірлеріне қарап, күлімдеп, ақ тілектерін айтады.	Ойнайды, көршісіне қарап күлімдейсі және ақ тілектерін айтып шығады.	3 мин.	
2	«Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту. Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. <i>(қолымызға қолғап кигендей сипалаймыз)</i> Сарт - сарт - сарт, Шапалақты соғамыз. <i>(ишалақ соғамыз)</i> Саусақтарым жылынсын тез, Ысқылайын қаттырақ. <i>(алақандарымызды бір-біріне ысқылаймыз)</i> Ашып – жұмып жұдырықты, қыздырайын жақсылап. <i>(бірнеше рет саусақтарымызды жұдырыққа түйеміз, қайта ашамыз)</i>	Саусақ гимнастикасын жасайды.	3 мин.	
3	«Көңілді аққала» - жаттығуы Мақсаты: саусақ моторикасын дамыту. Нұсқаулық: суретті үзік сызықтар үстінен басып шығу арқылы салып шық және шырша мен сәбізді қажетті түстерге боя. Қар жауғанда топ бала, Соқтық келіп аққала. Мұрны сәбіз, үп - үшкір, Көзі көмір қап - кара.		Суретті үзік сызықтары үстінен басып шығу арқылы салады және шыршаны жасыл түске бояйды.	Бланк, түрлі-түсті қаламдар 8 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді:



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№9 «Менің Отаным – Қазақстан!»**

«4» сентябры 2025ж.

Мақсаты: бала зейінін, визуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігі, әлеуметтік – тұрмыстық және кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Аялы алақан» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: ұйымшылдыққа баулу, біріге әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойы айнала тұрады, бір – бірінің қолдарынан ұстай, бір – бірлеріне қарап, күлімдейді. Шеңбер бойымен сол жағында тұрған көршілерінің иықтарын алақанымен ұстап тұрып, ақ тілектерін айтады.	Ойнайды, шеңбер бойымен сол жағында тұрған көршілерінің иықтарын алақанымен ұстап тұрып, ақ тілектерін айтады.	3 мин.
2	«Қызғалдақ» - психогимнастикасы. Нұсқаулық: Балаларға өздерін майда дән ретінде сезінулері ұсынылады. Дән ақырындап өсе бастайды (балалар қимылымен көрсетеді), бірте – бірте қызғалдақ гүлге айналады, жел тұрғанда, желмен бірге оңға – солға қисаяды. Т.с.с. іс – әрекеттерді ұсынуға болады.	Психогимнастика орындайды.	2 мин.
3	«Жолды жүріп өт» - жаттығуы. Мақсаты: зейін және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: бала өздігімен жолдарды тандап, саусак көмегінсіз, көзімен жүріп шығуы қажет.	 Саусактарымен, одан соң көзімен жолдарды жүріп өтеді.	Бланк 4 мин.
4	«Қайда, не болуы керек» - ойыны. Нұсқаулық: балаларға суреттер көрсетіледі. Олар суретте көрсетілген заттар қайда орналасқанын айтып шығулары керек.	 Суреттерге қарап, бейнеленген заттардың қайда орналасқандығын табады.	Тақырыптық суреттер 6 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№10 «Менің Отбасым»**

«11» желтоқсан 2025 ж.

Мақсаты: сөйлеу қызметін, визуалды қабылдау, қозғалыс белсенділігін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Көңілді айналым» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: тыныш, әрі жағымды көңіл – күй қалыптастыру, қозғалыс белсенділігін дамыту. Нұсқаулық: балаларға жұптарын тауып тұру ұсынылады және олар сол жұптарымен бірнеше жағдайда сәлемдесу рәсімдерін жасаулары қажет (күлімдеп, қол алыса, саусақтарымен, алақан соға, тізе көмегімен және т.с.с.).	Ойнайды, жұптарға бөлініп, айтылған рәсімдер бойынша бір – бірлерімен амандасып кереді.	4 мин.
2	«Отбасылық жаттығу» - психогимнастика. Күзде, көктем, қыс – жазы, Шынығалы біздің отбасы. Барлығымызда қолдаймыз, Жаттығудан қалмаймыз. Көңілді әуен сазымен, шынығуды бастаймыз: <i>(шеңбер бойлап тұрамыз)</i> Анам сермеп қолын көтерер, <i>(оң және сол нолдарымызды кезек кетере сермейміз)</i> Әкем сергек отырып – тұрып көрсетер, <i>(отырып-тұрамыз)</i> Інішегім қалыспай, оңға – солға інілер. <i>(екі қолды белге қойып, бүкіл денемізбен оңға-солға інілеміз)</i> Мойын айналдыру жаттығуын, көрсетемін мен шебер... <i>(екі қолды белге қойып, оңға-солға, алдығы-артқа басымызды бұрамыз)</i> Жүгіремін орында, кім бар бізге теңесер? <i>(бір орында жүгіреміз)</i>	Психолог көрсеткен гимнастикаларды қайталай жасайды.	4 мин.
3	«Жаксы мен жаман» - ойыны. Мақсаты: қоршаған ортамен танысу. Нұсқаулық: - Балалар, суретке мұқият қарап шығып, Арманға көмектесейік. Қай суретте балалар дұрыс, ал қай суретте бұрыс әрекет жасап жатқанын Арманға түсіндіріңдер. Нені жасауға рұқсат, ал не жасауға болмайды? – деген сұрақтарға жауап беріңдер.	 Балалар өз қылықтарына баға беріп үйрену керек: қай кезде жақсы және қиын жағымсыз қылық көрсетті, нені істеуге болмайды.	Сипатттық суреттер бейнеленген бланктер (балалар қылықтары) 5 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:

Ариайы түзету – дамыту қызметі
№11 «Қош келдің – Жаңа жыл!»

«18» желтоқсан 2025 ж.

Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қозғалыс, визуалды қабылдау, сөйлеу қызметін түзеу.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетнирова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	«Жақсы көңіл - күй» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: сөйлеу техникасын дамыту, сабаққа деген жағымды қатынас қалыптастыру. Нұсқаулық: балалар бір – бірімен амандасып шығып, төмендегі сөйлемді толықтырулары керек: «Менің көңіл – күйім өте көтеріңкі, себебі».	Бір – бірімен амандасуы.	4 мин.	
2	Саусақтарымызды қыздырайық» - саусақ гимнастикасы. Мақсаты: саусақ моторикасын және сөйлеу мәнерін дамыту. Төңея біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. <i>(қолымызға қолғап кигендей сипалаймыз)</i> Сарт - сарт - сарт, Шаналақты соғамыз. <i>(шаналақ соғамыз)</i> Саусақтарым жылынсын тез, Ысқылайын қаттырақ. <i>(алақандарымызды бір-біріне ысқылаймыз)</i> Ашып – жұмып жұдырықты, қыздырайын жақсылап. <i>(біртүрлі рет саусақтарымызды жұдырыққа түсіміз, қайта ашамыз)</i>	Саусақ гимнастикасын жасайды	3 мин.	
3	«Шыршаны безендір». Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту, қоршаған ортамен таныстыру. Нұсқаулық: шыршада ілінген барлық қоныраулар мен шарларды санап шығу керек. Бір шар және бір қонырауды бояп шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беру керек: 1) Жаңа жыл – қандай мейрам? 2) Шыршаны немен безендіреді?		Сұрақтарға жауап береді, суретте берілген шар мен қонырауларды бояп шығады.	Бланк, түрлі – түсті қаламдар. 10 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: М.М.

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№12«Табиғат»**

«25» желтоқсан 2025 ж.

Мақсаты: қоршаған ортамен таныстыру, қозғалыс, визуалды қабылдау, сөйлеу қызметін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетнирова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Сәлеметсің бе, досым (кұрбым)!?» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: сөйлеу техникасын дамыту, сабаққа деген жағымды қатынас қалыптастыру. Нұсқаулық: балалар шеңбер бойымен айнала тұрады. Бірінші бала сол жағында тұрған көршісіне қарап, қуанышты көңіл күймен – «Сәлеметсің бе!?» - сөз тіркесін аяқтауы қажет. <i>(Мысалы: Сәлеметсің бе, Ақниет, сен сүйкімдісің.)</i> Мақтау сөз немесе өз сезімін білдіре, не болмаса күлімдей, қимыл әрекеттермен көрсете бейнелеу қолдануға болады. Ең бастысы шын жүректен айтуға тырысу қажет.	Бір – бірмен, өз сезімдерін көрсете аяндаласады	4 мин.
2	«Кемпіркосаю» психогимнастикасы Жанбыр жауып басыпшы, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл, жасылды, Кемпіркосақ асылды. <i>(Психологпен бірге тақпартты қайталай отырып, көрсетілген қимылдары арқылы оқиганы синхронды түрде байланысты көреді)</i>	Психогимнастиканы орындайды.	3 мин.
3	«Жұптарын тап» - ойыны. Мақсаты: бала зейінін және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту. Нұсқаулық: Балалар, өз күшімен, суретте көрсетілген табиғатқа байланысты бірдей заттарды тауып шығуы керек. Содан соң балалармен табиғат құбылыстары мен табиғат мекендеушілері жайында әңгімелесеміз.		Бірдей суреттерді тауып шығалы Тақырыпқа сәйкес бланк 6 мин.
4	Ытқып, ытқып ор қоян, оңға қарай секірді <i>(балалар көздерімен қоян секірісін бақылайды)</i> Секіргенін қоянның, қане, айтшы кім көрді? <i>(Бастарын қозғалтпай, қолын шеке тұсына қойып, көздерін шұңғирте қарат тұрады)</i> Ытқып, ытқып ор қоян, солға қарай секірді <i>(балалар көздерімен қоян секірісін бақылайды)</i> Секіргенін қоянның байқады екен кім енді? <i>(Бастарын қозғалтпай, қолын шеке тұсына қойып, көздерін шұңғирте қарат тұрады)</i> Оңға – солға, оңға – солға секірген, батыл елі бұл қоянның ой беткен... <i>(бастарын қозғалтпай көз қарашықтарын оңға – солға бірнеше рет қозғалтады)</i>	Көз жаттығуын жасайды	2 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: *СМР*

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№13 «Үй жануарлары»**

«8» қаңтар 2026 ж.

Мақсаты: қоршаған ортамен таныстыру, қозғалыс, визуалды қабылдау, сөйлеу қызметін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Бейбіт күн!» - сәлемдесу рәсімі Арайлап таң атты, Қайырлы таң балалар! Алтын шалақ таратты, Қайырлы таң балалар! Әлемде нұр тыныштық, Әрбір бейбіт күн ыстық!	Бір – бірімен амандасам.	4 мин.
2	«Дауысынан танымын...» - ойыны. Балалар шеңбер жасай тұрады, психолог ортасында жүргізуші болады. Жүргізушінің көзі таңылады. Әуен ырғағымен, жүргізушінің көрсеткен қимылдарды қайталай (би пемесе гимнастикалық) барлық бала қозғалады. Бір кезде барлығы тоқтап, хормен: «Қане жылдам айтыңыз, Дауыстаған қайсымыз?» -деп айтады. Жылдам топ ішінен бір бала: «Айтыңызшы, мен кімін?» - дейді. Жүргізуші баланың есімін айту керек. Егер дұрыс тапса, сол баланың көзін жұмып, ойын әрмен қарай жалғасам, ал егер қателессе – ойын қайталанам. Балалар жодастарының дауысын оңай ажырата бастаған кезде, ойынды қиындату үшін – балаларға дауыстарын өзгерте сөйлеу ұсынылады.	Нұсқаулық бойынша ойын ойнайды.	Көз таңуға арналған мата. 5 мин.
3	«Үй жануарлары» - саусақ гимнастикасы. Балалармен әңгімелесу. Қандай үй жануарларын біледі екен? Сұрап шығу. «үй жануарларының дауыстарын» салып көруін сұрау. Жайлау асып жайылған, қойларым анау таңба басылған, (оң алаңынан ашып, сол қол жұдырығымен таңба басқандай қызып жатсаймыз) Сабалақ иттер үріп жүр, қасқыр аңнан қорыған... (саусақтарымызбен ит бейнесін жасаймыз) Шопан ата күн сайын, ойнатады әуендете сырнайын... (елестете сырнай тартамыз) Алқап толы көп гүлдер, желмен бірге теңселер... (қолдарымызды домалақтап гүл бейнесін жасаймыз, жел тербегендей шеміз)	Саусақ жаттығуын қайталай отырып жасап шығам.	Үй жануарлары бейнеленген топтама 5 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап берді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№14« Хайуанаттар әлемі»**

«15» қаңтар 2026 ж.

Мақсаты: қоршаған ортамен таныстыру, қозғалыс, визуалды қабылдау, сөйлеу қызметін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрсекі құралдар және уақыт
1	«Қуанышты күн бүгін!» - сәлемдесу рәсімі Аспан ашық , көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Терезеден көріп тұр... Кел достарым, келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді.	Тақпақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	3 мин.
2	«Хайуанаттар әлемі» жаттығуы Аю: Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп теріп алайық Аузымызға салайық Қоян: Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы, қырлы жерлермен Ытқыш ытқып жүгірді. Қасқыр: Мен қасқырмын қасқырмын Тың тыңдаймын айнала Көз жүгіртіп алысқа Азығымды жинаймын Түлкі: Түлкі деген қу ғой Жүрген жері ду ғой Отырып алып жағады Көздегені су ғой <i>Тақпақты айта отырып, аңдардың бейнесін жазсап көрсетеді.</i>	Тақпақты айта отырып, аңдардың бейнесін көрсете қозғалады.	3 мин.
3	«Жасырынған кім екен?» - дидактикалық ойыны. Хайуанаттар бағында мүлгіген тыныштық, аңдарда көрінбейді... Олардың барлығы қайда кетуі мүмкін? (Сықырлы құмға балалар назарын аударамыз). Қанекей, оларды бірге іздейік... (балалар қолдарымен құм арасынан кішкентай аң ойыншықтар: маймыл, керік, жолбарыс, арыстан, піл, сусныр, мүйізтұмсық, аю бейнелерін тауып, қолдарымен алып шығады және қандай аң екенін айтып шығады). Психолог ынталандыра: - анау қозғалып жатқан кім екен? – Сол қолыңмен алып көр! – Кімді тауып алғаныңды барлығына көрсетің! – Бұл кім? – Жарайсыңдар балалар! – Ал енді, аңдардың барлығы неге сықырлы құмға тығылған екен, қане сұрап көрейік. Неге өз торларында емес? (Психолог осы сәтті ойната) – Айтуларыңша барлық аңдар өз торларынан адасып кетіпті. Олардың барлығын босатқан – тілазар маймыл екен! Ал қане барлық аңдарды хайуанаттар бағыныңғы орыншырына жайғастырайық! Жарайсыңдар балалар!	Балалар құмның арасынан жан – жануарлар ойыншықтарын тауып, қандай жануар екенін айтады, хайуанаттар бағындағы орындарын табады.	Құм толы жәшік ыдыс, жан – жануарлар ойыншық жыны. 10 мин.
4	Тыныс жаттығуы. Балалар, қараңдаршы хайуанаттар әлемі – қандай әлемі! Ауасы қандай тамаша, терен тыныстап көріңдер! (Балалар көздерін жұма кеі кеудемен дем алады, дем шығарады). Қараңдаршы, бақбақ неткен көп еді. Алып оларды үрлеп көрейік! (балалар бақбақ үрлейді).		
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: ММ

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№15 «Жан – жануарлар»**

«22» қаңтар 2026 ж.

Мақсаты: қоршаған ортамен таныстыру, қозғалыс, визуалды қабылдау, сөйлеу қызметін дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Достар , бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен сніңдер! Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремің. Алақаным арқылы Жылуымды беремін Бакыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	Тақпақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	3 мин.
2	«Орманға саяхат» - кимыл-бейне ойны. Қатты суық қыста мен, орманға барам атаммен... Тонымды ілдім үстіме, Тымағым бар басымда, Шәлкейге мен орандым, Шарф салып мойныма. Қолыма менің берді апам, өзі тоқыған биялай. Етімгім бар керемет, болсамда өзім кішкентай.	Психолог көрсеткен кимылдарды мылқауша көрсете қайталайды.	3 мин.
3	«Бауырсақ ертегісі» - сюжеттік ойын. («Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлері бейнеленген саусак ойыншықтары) Психолог балалармен бірге, саусак кейіпкерлерінің көмегімен ертегіні ойнап шығады.	Психологпен бірге саусак ойыншықтарының көмегімен ертегіні ойнап шығады.	Арнайы саусак ойыншықтары 10 мин.
4	«Батыл лағым» - психологиялық этюд. Ешкі лағы – маңайдағы бір төбешікке шығып, қатты дауыстата ән салғанды ұнатады. Жакын маңайда торуылдап жүрген сұр қасқыр естиді деп, мүлдем қорықпайды. Бастапқы тұрыс: тік тұра, бір аяқ алдыға қойылған, екі қолдар артта, нек көтеріңкі. Бет – әлпет: өз – өзіне сенімді көзқарас.	Нұсқаулықта көрсетілгендей қалыпта тұрады.	2 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№16 «Күм сиқыры»**

«29» Наурыз 2026ж.

Мақсаты: топырақ қасиеттерімен танысу, мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Кел балалар ортаға! Үлкен шенбер құрайық! Қайырлы таң алтын күн! Ұйқымызды ашайық! Қайырлы таң, көздерім! Ояныныңдар өздерін.. Қайырлы таң, құлақтарым! Қайырлы таң, қолдарым! Қайырлы таң, аяқтарым! Ояныңдар шуағымен ақ таңның! Көздерім көріп тұр, құлақтарым тыңдап тұр, Қолдарым шапалақ соғуда, Аяқтарым топ – топ басуда! Арайлап алтын таң, шуағын шашуда!	Таппасты айға отырып, шаттық шенберіне жиналады.	3 мин.
2	«Күмді алқап сиқыры» - күм терапиясы. Жұмыс алгоритмі: әр балаға қиғаз және күм беріледі және келесі іс – әрекеттерді жасап шығу тапсырылады: - Қолдарымызды күмға тигізіп, араластырамыз. Жағымды байланыс қалпын анықтаймыз; - Максималды түрде күм тауын жасап шық; - Күм көмегімен жанбыр имитациясын жаса. Үрлеп көр; - Шынашақ саусақ қалыңдығындай бәліш жасап көр; - Өз саусақ танабалары көмегімен күм бетінде аң бейнелерін немесе іздерін салып шық; - Екі қолмен бірдей, бір уақытта түрлі пішіндерді бейнелеп шық (домалақ, үшбұрыш, төртбұрыш); - Кезектестіре барлық саусақтар көмегімен сурет салып шық; - Қосалқы материалдар көмегімен «арал» композициясын құрастыр. Композиция ұнады ма? «Аралды» кімдер мекендейді екен? Олар «мейірімді» не «жәтерлі» ме? Арал мекендеушілері немен айналысады? Қандай өзгертулер жасуға болады? Балалар жауаптары өздерінің ішкі – эмоционалдық күйіне тікелей байланысты. Күм балалардың психикалық қорғаныс механизмін босатады, балалардың өз әрекеттерін бақылай алатын дәрежеге жеткізуге көмектеседі.	Нұсқаулық бойынша күм терапиясының жаттығуларын жасайды.	1 стакан күм және А4 қағаз (әр балаға) 15 мин.
3	«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы Көзім жақсы көрсін деп, көз жаттығуын бастаймын: Көз айналдыру. Бастарыңды қозғалтпастан көздеріңді алдымен сағат тілімен, сонан соң кері бағытта он реттен айналдырыңдар. Енді осы жаттығуды жұмулы көздеріңмен қайталап шығыңдар. Төрт бағытқа қарау. Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар. Жыпылықтату. Көздеріңді қатты әрі тез-тез ашып-жұмыңдар. Бұл жаттығуды тез және көбірек істеген пайдалы.	Көз жаттығуын жасайды	2 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№17 «Балықтар»**

«5» ақпан 2026ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетнирова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Кел балалар ортаға! Үлкен шенбер құрайық! Қайырлы таң алтын күн! Ұйқымызды ашайық! Қайырлы таң, көздерім! Оянығыңдар өздерің... Қайырлы таң, құлақтарым! Қайырлы таң, қолдарым! Қайырлы таң, аяқтарым! Оянығыңдар шуағымен ақ танның! Көздерім көріп тұр, құлақтарым тыңдап тұр, Қолдарым шапалақ соғуда, Аяқтарым топ – топ басуда! Арайлап алтын таң, шуағын шашуда!	Тақтасты айта отырып, шаттық шенберіне жиналады.	3 мин.
2	«Балықтар – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы. Жкмыс алгоритмі: әр балаға нұсқаулықта көрсетілгендей балық суреті мен түрлі – түсті қағаздар беріледі. Психолог – балаларға балықтар туралы әңгімелеп береді. Содан соң балаларға түрлі – түсті қағаздардан кішкене бөлшектер қырқып алып, балық үстіне жапсыра – қабыршақтар жасау тапсырмасы ұсынылады.		Түрлі – түсті қағаздан майда бөліктер кесіп, суретке жапсыру арқылы балық қабыршақтарын бейнелеп шығады. Балық суреті бейнеленген бланк, желім және түрлі – түсті қағаз. 15 мин.
3	Көру жанарына түсетін қысымды басуға арналған жаттығу («Аветисов белгісі») Балалар терезе алдына тұрып, өте алысқа қарайды. Содан кейін бірден терезе бетіндегі нүктеге зейінін аударады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Жаттығу біткеннен соң – екі көзімізді алақанмен жабамыз (қараңғы үйшікке жасырамыз).	Көз жаттығуын орындайды.	2 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:



**Арайы түзету – дамыту қызметі
№18 «Отбасы»**

«12» ақпан 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, пынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Бисенова.Д.К

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Қарады мағанда, Күлімдеп күн бүтін, Қарады сағанда, Шуағын төгіп нұр, Сәлем күн ана. Аспанда күн ыстық . Ал жерде кім ыстық? Әке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық . Жасасын туыстық Достық пен тыныштық!	Тыныштық айтып отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	3 мин.
2	«Күн шуағы – бөліктер бойынша сурет салу» - арт – терапиясы. Жұмыс алгоритмі: әр балаға нұсқаулықта көрсетілгендей күн суреті мен түрлі – түсті қағаздар беріледі. Психолог – балалармен күн шары туралы, пішіні, түсі туралы және т.с.с. тақырыпта әңгімелеседі. Сиқырлы күн бейнесін құрастырып, бір – біріне сыйлау ұсынылады. Балалар түрлі – түсті қағаздардан кішкене бөліктер қиып алып, күн бейнесіне жапсырмалап шығады.	 Балалар түрлі – түсті қағаздардан кішкене бөліктер қиып алып, күн бейнесіне жапсырмалап шығады.	Күн бейнесі бейнеленген бланк, желім және түрлі – түсті қағаздар. 15 мин.
3	«Отбасы» саусақ гимнастикасы Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.	Кезек ретімен саусақтарын көрсетіп, екі қолда бірдей бүтеді.	1 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№19 «Көктем»**

«19» ақпаны 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адамн шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Арайлап бүгін атты күн, Шашып бізге шапағын. Тідейміз сізге ақ таңның, Қуанышын, шаттығын Қайырлы күн,Қайырлы таң! Қуанышты күн бүгін!	Тақпақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	3 мин.
2	«Көктем келді» - саусақ жаттығуы. Бүршік шашып, жапырақ ашып, <i>(Жұдырықтарымызды бірнеше рет ашып – жабымыз)</i> Даланы гүлдер басады. <i>(Қолдарымыз алға, саусақтарымызбен ашылған гүл шоғын бейнелей)</i> Сұлу көктем есігін ашып, <i>(қолдарымыз кеуде тұстан құшақ жасай)</i> Шуағын бізге шашады. <i>(қолымызды кең айналдыра, сұлу шашықандай саусақтарымызды жыбырлатамыз)</i>	Тақпақты айта отырып, психолог көрсеткен саусақ қимылдарын қайталайды.	2 мин
3	«Көктем мезгілі» - дидактикалық ойыны. Психолог балаларға көктем мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. – Балалар, суреттен қай жыл мезгілін көріп отырсындар? Дұрыс – көктем мезгілі. Ал енді седермен шеңбер бойына жиналып, ойын ойнайық. Егер мен «бұлақ» деген сөз айтсам, сендер қозғала аласындар. Ал, егер «тас» немесе «тау» десем, қозғалмай тұруларың керек. «шөп» немесе «ағап» сөздерін естігенде – қозғалуға болады, тек бір орында. Келістік пе? Егер кімде – кім дұрыс орындамаса, сол ойыннан шығады.	Психологпен бірге дидактикалық ойын ойнайды.	«Көктем» мезгілі бейнеленген сурет. 6 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№20 «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!»**

«26» ақпан 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Наурыз келді еліме, Наурыз келді жеріме. Байлық, бақыт тілеймін, Бүкіл қазақ еліне.	Тақпақты айтып отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.
2	«Біздің шаңырақ» Келді міне – Наурыз мейрам жадырап! Қуанады бірге – Біздің үлкен шаңырақ! Атамнан басталар, (аң қол көтеріледі) Әжеммен косталар. (сол қол көтеріледі) Отбасым мыналар, Ең жақын адамдар: Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Кішкентай және мен, Санаққа қосылар... (саусақ бұге санабыз) Бәрін жақсы көремін! Еркелеймін, еремін! (түбілген жұдырықтарымызды күдеге басамыз)	Санап отырып, саусақтарымен бұге жаттығу жасайды.	2 мин.
3	«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!» - жаттығуы Психолог: - Балалар жақында Наурыз мейрамы болады! Бұл – көктем мейрамы, жыл басы. Мейрамды отбасы мүшелерімен, дос – жаран, туған – туыстармен бірге тойлайды және жеті түрлі дәмнен дайындалған «Наурыз» көжеден дәм таттырады. Міне, бүгін бізде сол ерекше көжені дайындап көрейік. Мен ортаға әр түрлі дәндерді (бұршақ, үрмебұршақ, жүгері және т.с.с.) төгемін, ал сендер оларды арнайы қысқып (киім қысқып) сорттап алып, кезек ретімен «казанға» салуларың керек.	Қысқып көмегімен дәндерді сұрыптайды	Түрлі дәнді дақылдар, қысқып және дәндерді бөлектеуге арналған ыдыс 10 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№21 «Мамандық түрлері»**

«5» наурыз 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ.

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!	Таппақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.
2	«Тігінші – мамандығы» - саусақ ойыны. Менің анам – тігінші, (оң қол бас бармағын кезекпен барлық саусақтарға жақыстырамыз) Сәнді киім тігеді. (сол қолмен қайталаймыз) Қуыршаққа сан түрлі, (оң қолмен қайталаймыз) Киім пішін береді. (сол қолмен қайталаймыз)	Психолог көрсетуі бойынша саусақ жаттығуын жасайды.	5 мин.
3	«Мамандық түрлері» - дидактикалық ойыны. Психолог: - Балалар, бүгін біз дәрігер және аспаз мамандықтарымен танысамыз. Ол үшін екі командаға бөлінеміз: бір команда ойыншылары – дәрігерлер болады, ал екінші команда ойыншылары – аспаз болады. Қазір мен сендерге әр түрлі карточкалар көрсетемін, егер, карточкадағы суреттер сендердің мамандықтарыңа сәйкес келетін болса, қолдарымызды көтеруіміз қажет.	Екі командаға бөлініп, оқтардың таңдаған мамандықтарына сәйкес келетін карточкаларды табады.	Мамандықтарға байланысты әртүрлі бейнеленген карточкалар. 6 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: М.М. Маханбетиярова

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№22 «Көшеде мен келемін»**

«12» наурыз 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусак моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.	Тақпакты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.
2	«Жол» - саусак гимнастикасы. Жүк салғыш машина (машинаны ұстағандай столды сипалайды) Тарт алға асыға (алақанарын соғады) Сенімен тасимын (машинаны ролін ұстағандай қимыл жасайды) Көмір мен тасымды. (тасты қысып ұстағандай кезекпен жудырықтарын қысыды) Құр босқа тұрмаймын Тек алға зулаймын. (саусақтарымен аулаған машина қозғалысын көрсетеді)	Психолог көрсетуі бойынша саусак жаттығуын жасайды.	5 мин.
3	«Төртінші – артық» - ойыны. Психолог балаларға суреттерді көрсетеді, балалар ішінен артық суретті атап, алып тастаулары керек: - Жүк машинасы, үй, жедел жәрдем көлігі, өрт сөндіру көлігі; - Жеңіл машина, жүк машинасы, автобус, бесік арба; - Қызыл, көк, сары, жасыл; (бағдаршам түстері). Балалар назарын – бағдаршамға аударамыз. Артық түс – көк. Дұрыс! Бағдаршамның түстері: — Қызыл түс — қимылдама, баспа алға, Қиылыста қарап тұрма аспанға. — Сары түс — сәл сабыр ет, дайындал, — Жасыл түс, жүре бергін, жасқанба!	Көрсетілген суреттер топтамасынан артық суреттерді табады.	Тақырыптық суреттер топтамасы, Бағдаршам түстері бейнеленген карточкалар 10 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді:



**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№23 «Жер шары және көк аспан»**

«19» наурыз 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Арайлап таң атты, Алтын шуақ таратты. Қайырлы таң, Алтын күн, Қайырлы таң, Көк аспан. Қайырлы таң, Жер Ана, Қайырлы таң, достарым!	Тақияқты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.
2	«Жер шары және көк аспан» - ойыны /автор/ Психолог: - Балалар, бәріміз бірге «суретші» болып ойнайық. Міне, бізде сурет салуға үлкен ақ қағаз (ватман) бар, ол қасиетінен екіге бөлінген: жоғарғы бөлігі – көк аспан, төменгі бөлігі – жер шары. Сендерге берілетін тапсырма – осы бөліктерге катысты суреттерді жапсырып шығу. Дұрыс жапсырып шықсақ – керемет сурет шығады. Қане, бастайық! (Мысалы күн – аспан бөлігінде). Әрі қарай балалар желім көмегімен суреттерді жапсырып шығады.	Берілген суреттердің орналасу реттерін тауып, жапсырып шығады.	Ватман, тақырыптық суреттер, желім. 10 мин.
3	«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығуы Көзім жақсы көрсін деп, көз жаттығуын бастаймын: Көз айналдыру. Бастарыңды қозғалтастан көздеріңді алдымен сағат тілімен, сонан соң кері бағытта он реттен айналдырыңдар. Енді осы жаттығуды жұмулы көздеріңмен қайталап шығыңдар. Төрт бағытқа қарау. Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар. Жыпылықтату. Көздеріңді қатты әрі тез-тез ашып-жұмыңдар. Бұл жаттығуды тез және көбірек істеген пайдалы.	Көз жаттығуын жасайды.	2 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№24 «Көп гүлдер»**

«26» наурыз 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, пынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт	
1	Сәлемдесу рәсімі Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!» деймін мен. Күндіз де елді елеймін, «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» деп кіремін	Тақпақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.	
2	«Гүлдердің көлеңкесін тап» - жаттығуы. Психолог: «- Балалар, көк шалғындағы көп гүлдерге қараңдаршы. Ал, енді осы гүлдердің көлеңкелерін кім таба алады. Қане, барлығымыз жабылып, тез тауып шығайық». Ұнатқан гүлдерін бояп шығуға ұсыныс жасауға болады.		Визуалды карап, гүл көлеңкелерін тауып шығалды, ұнатқан гүлдерін түрлі – түсті қаламдар көмегімен бояп шығалды.	Бланк, түрлі – түсті қаламдар. 9 мин.
3	«Көбелек» - көзге арналған жаттығуы. Ұйықтап жатты гүл – көктем, <i>(Көздерімізді жұзғаныз, аңырып саусақтарымызбен, сағит тіліне қарай қаршығалымызды басып уқалатыз)</i> Оянып кетті бірақ кенеттен... <i>(Көздерімізді ашып – жұзғаныз)</i> Қайта ұйқы келмеді, Қолын сермеп, керілді <i>(Қолдарымызды соза керілеміз)</i> Жан – жағына қарайлап, Қанат қакты көкке енді. <i>(басымызды қозғалтпай көз қаранығымызмен қарайлап, денемізді сізделеміз)</i>	Психолог көрсеткен жаттығуларды қайталайды	5 мин.	
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.	

Тексерілді: 

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№25 «Достық мейрамы»**

«2» сәуір 2026 ж.

Максаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Максатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Балабақшаға біздер барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне мен! Доспын енді сенімен.	Тақпақты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады	2 мин.
2	«Нағыз дос» - ойыны. Ойын барасы. Психолог ойыншылардан сұрайды: «Балалардың нағыз досы кім екен?». Әр бала өз жауаптарын береді. Олардың кім болып келетінін (жұрдасы, ағасы немесе әпкесі, иті, мысығы және т.с.с.). Содан соң, жүргізуші балалардан ойыншылар арасындағы достарын көрсетулерін сұрайды. Балалар, неліктен дос санайтындарын ортаға шығып айтып берулері керек. Бірінші ортаға бір бала шығады, психолог қолына арнайы достық лүтілін (жұмсақ жүрек ойыншық) ұстатады. Бала: «Арман – менің нағыз досым, себебі:» - деп, досының қасиеттерін айтып шығып жүректі ұстатады. Қолына жүректі алған бала сөзді жалғайды. Ойын ортаға барлық балалар шығып біткенше жалғаса береді.	Топтағы нағыз досы туралы ортаға шығып, айтып береді.	Дидактикалық ойыншық – жүрекше. 10 мин.
3	Күн сәулесі, шұғылалы нұр сәулесі Күнде бізбен шуақ жая күлімдеші... <i>(көзімізді 10 секунд жұмыс тұрамыз)</i> Домалақ күннен тарайсың, тереземнен күле карайсын <i>(басымызды қозғалтпай көзімізді шеңбер бойы айналырамыз)</i> Оңға – солға, оңға – солға жүгірем <i>(көзіміздің қарашығын оңға- солға жылжытамыз)</i> Ұстатпайсың сен мүлдем! <i>(көзімізді тез жылжытпаймыз)</i> Көз жаттығуы кезінде күн сәулесін жасау үшін – айна немесе лазерлі нұсқағышты қолдануға болады.	Психолог көрсеткен ойымдарды қайталай отырып, кез жаттығуын орындайды.	Айна немесе лазерлі нұсқағыш. 10 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 

**Арнайы түзету – дамыту қызметі
№26 «Әскери қызмет – абыройлы қызмет!»**

«9» сәуір 2026 ж.

Мақсаты: Балалардың әскери техника түрлері туралы алғашқы ілім негізін қалыптастыру, бөлшектерден бүтін зат құрастыруға үйрету, визуалды қабылдауғ зейінін, саусақ моторикасын дамыту.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Жабыркауды білмейміз, Жалқаулықты сүйемейміз, Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан.	Тапқакты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.
2	«Бөлшек суреттер. Біздің қорғаушылар, әскери техника» - дидактикалық ойыны. Әскери техникалар және әскери қызметкер бейнеленген суреттер әр түрлі бөліктерге (төртбұрыштарға, үшбұрыш кықымдарына және т.с.с.) кесілген. Ойын барысы: психолог балалалрға кесілген бөліктерден бүтін сурет кескінін құрастырып шығуды тапсырады. Құрастырып болған суреттер бойынша балаларға түсініктемелер береді.	Бөлшектерден сурет қиындыларынан бүтін әскери техника және әскери қызметкерлер бейнеленген сурет құрастырады.	Қатты аңғалда әскери техника және әскери қызметкерлер бейнеленген суреттер 10 мин.
3	«Түн. Қараңғы түн» - көзге арналған жаттығуы. Түн! Қараңғы түн! Қараңғылыққа көзімді үйретейін: Үйренсіндеп көзім, ашып – жұмам өзін... Жұмып алып көзімді, беске дейін санаймын. Бірден ашып көзімді, айналаға қараймын. Үйренсін деп тезірек, қайталаймын көбірек... (бес секундтаң қозді 3 – 4 ретпен ашып – жұмып жаттықтырамыз)	Психолог көрсеткен қимылдарды қайталай отырып, көз жаттығуын жасайды.	3 мин.
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 

**Ариайы түзету – дамыту қызметі
№27 «Сыпайылық әліпбиі»**

«16-23 сәуір» 2026 ж.

Мақсаты: мидың қос бөлігінің жұмысын белсендіру, саусақ моторикасын, бала зейінін, визуалды қабылдау, ойлау қабілетін дамыту, жеке адами шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, шынықтыру.

Мақсатты топ : кіші топ

Педагог-психолог: Маханбетиярова М.М.

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	Сәлемдесу рәсімі Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен -Сәлеметсіз бе, ағай?-деп -Сәлеметсіз бе, апай?-деп -Есенсіз бе, әжей?-деп -Амансыз ба, атай?-деп -Ұл-қыз сәлем береміз, -Өнегелі өренбіз.	Тапсакты айта отырып, шаттық шеңберіне жиналады.	2 мин.
2	«Кешірім өтінемін» - Монтессори методикасы бойынша құрастырылған ойын. Балалар жұптарға бөлініп, бірінің артына бір тұрады. Жүргізуші жұптардың алдына келіп, әрі қарай өту үшін, ізеттілікпен «Кешірім өтінемін!» деп айтады, «Мархабат, өтіңіз!» деп, балалар қолдарын босатып, әрі қарай өткізеді. Осылай барлық жұптардан өтіп шығады. Егер жұп болмай қалған бала болса, жүргізуші сол баланы ертіп, ойынды қайта бастайды.	Нұсқаулық бойынша ойын ойнайды.	5 мин.
3	«Мейірімді сөздерден құралған гүл шоғы» - ойыны. Үстел үстінде гүлдер жатыр. Балалар бір – бір гүлден алып, мейірімді сөз айтып, вазаға салып шығулары керек. Ойын гүлдер біркелкі жалғасады. Мысалы: рахмет, қайырлы таң, кешірім сұраймын, қайырлы түн, сәлеметсіз бе және т.с.с.	Гүлдерді мейірімді сөздер айту арқылы вазаға жинайды.	Қағаз немесе жасанды гүлдер, ваза 6 мин
4	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.	2 мин.

Тексерілді: 